Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің 2019-2020 оқу жылындағы қызметі мен перспективалары туралы қоғамдық ұйымдар және БАҚ өкілдері алдындағы ректор Е.Саурықовтың есебі

Құрметті қауым!

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің 2019-2020 оқу жылындағы оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және қаржылық қызметі, білім алушыларды әлеуметтік қолдау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты атқарылған жұмыстары жөнінде Сіздердің алдарыңызда есеп беруді маңызды іс-шара деп санаймын.

Бәсекеге қабілетті жаңа ғасыр мамандарын даярлаудағы университетіміздің миссиясы: «Білімді көбейту және тарату, табысты болашақты құру үшін тұлғаның әлеуетін шабыттандыру және ашу», ал басты құндылықтары – Білім, Инновациялылық, Парасаттылық, Ашықтық, Қоғам игілігі үшін қызмет ету болып табылады.

2019-2020 оқу жылында университеттегі 6241 білім алушыларға (3537 күндізгі бөлімде) 5 факультет, 14 кафедрада қызмет жасайтын ҰҒА 1 академигі, 15 ғылым докторы, 65 ғылым кандидаты, 7 PhD докторлары сапалы білім берді. ПОҚ-тың ғылыми дәрежесі 52 пайызды құрайды.

Университетте жалпы көлемі 10658 ш.м. болатын заманауи 7 оқу ғимараттары, 500 орындық Студенттер үйі, 417410 дананы құрайтын кітап қоры бар.

I. Университеттің мамандар даярлаудағы қызметі.
Оқу-әдістемелік бағыттағы жұмыстар.

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті ҚР-да ресми бекітілген заңнамалық актілер мен ҚР Президентінің дәстүрлі Жолдауларын басшылыққа ала отырып өз қызметін жүргізуде.

Бүгінде ТИГУ – оқу үдерісін, ғылыми жұмыстар және студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін инфрақұрылымы дамыған жоғары оқу орны.

Еліміздегі ЖОО-на академиялық және басқару дербестігінің берілуіне, жаңа Академиялық саясаттың қабылдануына байланысты жаңа талаптарды ескере отырып, университетте 25 ішкі нормативтік-құқықтық құжаттар қайта өңделіп бекітілді. Атап айтқанда,

- ТИГУдің 2020-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасы;
- ТИГУдің Академиялық саясаты;
- Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы туралы Ереже;
- Академиялық адалдық Ережесі;

- 2020-2025 жылдарға арналған ТИГУ-ді бітірушілерді жұмысқа орналастыруға арналған Жол картасы және т.б.

Университет оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбиелік бағыттарда білім беру қызметін үдемелі дамытып отырады. Университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеуде жұмыс берушілер белсенді тартылады және құзыреттілік тәсілдері тиімді қолданылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес мамандарды даярлау деңгейін қолдауға және нарықтық экономика талаптарына жауап беретін мамандарды кәсіби-практикалық даярлаудың сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие үдерісінің құралдары мен әдістерін жетілдіру бойынша жұмыстар тұрақты жүргізіледі. Университет ПОҚ оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының талаптары бойынша оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын, оқыту әдістерін таңдау еркіндігі берілген.

Оқытудың жаңа әдістерін, студенттердің танымдық қызметін жандандыру құралдарын енгізуге, жеке дайындықты күшейтуге баса назар аударылады. Даму басымдықтарының қатарында университет аймақта және Қазақстан Республикасында сұранысқа ие инновациялық мамандарды даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Бұл ретте оң отандық және халықаралық тәжірибені пайдалану, атап айтқанда инновациялық және деңгейлік білім беру және ғылыми бағдарламаларды енгізу басым рөл атқарады.

Университетімізде 15 жұмысшы кәсіпті игеруді қамтамасыз ететін дуалды білім беруге бағытталған оқу бағдарламалары анықталды. Өндірісте оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде барлық кафедраларда келісімшарттар, сабақ кестесі, штаттық кесте, пәннің оқу-әдістемелік кешендері қамтамасыз етілген. Мысалы, «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасы Жамбыл облысы әкімдігінің білім бөлімінің, Жамбыл облыстық қоғамдық бірлестігінің және облыстық мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды мемлекеттік басқарудың облыстық орталығы, «Би-Дәулет» ЖШС-мен дуальді оқытуды өткізу туралы шарт жасасты.

Университетте студенттік орталықтанған (студентке бағытталған) оқытуды ұйымдастыру үшін олардың білім беру, жеке және мансаптық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін барлық жағдайлар жасалған. Сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастыру дәрістік сабақтардың классикалық формасынан өзгеше басқа да стратегиялар мен әдістерді қолдануды талап етті. Сондықтан университетте 2016-2017 оқу жылынан бастап қолданылып келе жатқан ОЖЖ әзірлеу кезінде дәрістер көлемін азайту арқылы практикалық дайындықты арттыру мақсатындағы пәндердің форматтары өзгертілді.

ТИГУ ұжымының студентке бағытталған оқыту бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру жұмысын қорытындылай келе, студенттердің аудиториялық сабақтарда белсенділігінің артып келе жатқанын және өзіндік жұмыстарды орындауда креативті ойлау мен бағдарламалық материалды меңгеру сапасының артқандығын атап өтуге болады.

Бұл бағыттағы жұмыстар ағымдағы оқу жылында студенттердің республикалық пәндік олимпиадаларға кеңінен қатысуына мүмкіндік берді. Атап айтатын болсақ, 5В010700 – «Бейнелеу өнері және сызу», 5В011400 – «Тарих», 5В011600 –«География», 5В011900 – «Шетел тілі: екі шет тілі», 5В030100 – «Құқықтану» және 5В073200 - «Стандарттау, метрология және сертификаттау» мамандықтары бойынша алты команда олимпиадаға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Университеттің мамандар даярлаудағы басым бағыттарының бірі - студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы бағытындағы жұмыстар. Бұл орайда оқу орнымыз Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Украина, Оңтүстік Корея, Австрия, Чехия, Польша, Германия, Испания, Румыния, Малайзия, Түркия елдерінің жоғары оқу орындарымен келісімшарттар жасап және студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы бағытында ғылыми тақырыптар мен мәселелерді шешу бойынша тығыз жұмыс істейді.

Студенттер мен оқытушылардың (ішкі және сыртқы) академиялық ұтқырлығының аясы кеңеюде. Мысалы, 39 ЖОО-мен әріптестік келісім-шарттар жасалды, оның ішінде 15 отандық және 24 шетелдік (19 ТМД елдері және 5 алыс шет ел). Академиялық ұтқырлық бойынша жұмысты жандандыру мақсатында университетте 2019 жылы «Болон процесі» орталығы құрылып, орталыққа көптілді оқытуды одан әрі дамыту міндеті қойылды.

ТИГУ білім беруді цифрландыру және білім беруді жаһандық ортаға интеграциялау мәселелеріне көп көңіл бөледі. Университетте қазіргі уақытта заманауи техникалық құралдарды қолдану арқылы сабақ өткізу үшін барлық жағдайлар жасалған. Аудиторияның 65%-дан астамы интерактивті тақталармен және проекторлармен, компьютерлік лингафондық кабинеттермен, электронды зертханалық қондырғылармен жабдықталған. Университеттің бірыңғай ақпараттық кеңістігі құрылды, ол орналасқан жеріне қарамастан барлық бөлімшелерді университеттің бірыңғай желісіне біріктіруге мүмкіндік берді.

Қашықтықтан білім беру технологиясы негізінде қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, сапалы білім беру бағдарламаларын жүйелі дамыту арқылы ашық білім беру

платформасын құру үшін бірнеше деңгейін онлайн курстар әзірлеу бойынша жұмыстар қолға алынуда. Университет үшін басты мақсат білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарға сәйкес жаппай ашық онлайн курстар кешенін құру және Ұлттық платформада МООК жариялау үшін нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеу болып табылады.

2019-2020 оқу жылында университет жоғары білім берудің 29 білім беру бағдарламасы және ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 13 білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырды.

2019-2020 оқу жылында университетте білім алушылар саны 6000-нан асты. Мемлекеттік білім гранттары есебінен оқитын студенттер саны өткен жылы 21 студент болса, 2019-2020 оқу жылында 93 студентті құрады. Бұл фактілер университеттің еліміздің жоғары білім беру кеңістігінде өзіндік орны бар және лайықты білім беретін альма-матер ретінде саналы түрде таңдаған білім алушылар ұжымы екендігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда ТИГУ кәсіптік практикадан өту мақсатында 256 шарт жасасты, оның ішінде 149 – орта мектептермен, 107 – өндіріспен. Қала және облыстың орта мектептерімен ынтымақтастық туралы 18 меморандум жасалды. Дуалды оқыту элементтері қолданылатын кафедра филиалдарының жұмысы дамытылуда.

Университетте дуалды оқыту форматы «Қазфосфат» АҚ зертханалық базасында 5В060600-Химия мамандығы бойынша аймақтың жұмыс берушілері негізінде кафедра филиалдары құрылды. Аталған филиал базасында Химиялық кинетика және электрохимия, Физикалық химия, Химиядағы инновациялар, металдар химиясы және т. б. пәндер бойынша практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізіледі.

5В012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша «Би-Дәулет» ЖШС базасында «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының филиалы құрылды.

5В010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша «№9 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК базасында «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасының филиалы құрылды. «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша №12 орта мектеп-гимназия базасында филиалы бар. Аталған екі мамандық бойынша «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасы «Мейірім» нашар еститін балаларға арналған түзету мектеп-гимназия базасында филиал ашты, онда «Түзету педагогикасының негіздері», «Мүмкіндігі шектеулі балалармен бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмысын дайындау», Инклюзивті білім беру» пәндері бойынша сабақтар өткізіледі.

«5В030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша Жамбыл облысы ІІД ЖКБ жедел-криминалистикалық бөлімінің базасында, Жамбыл облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының базасында филиалдары ашылған.

Жаңа талаптар тұрғысынан университетте ғылыми-зерттеу саласында, бірқатар ілгерілеушілік бар, ғылыми зерттеу жұмыстары болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың негізгі компоненттерінің біріне айналуда.

Студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне дайындау жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген, білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды оқу нәтижелеріне бағдарлай отырып анықтайды.

Келесі маңызды мәселе оқу үрдісінде стратегияның ІТ технологияларын іске асыру болды, өйткені жұмыс берушілердің 82% - ы түлектерден операциялық бағдарламалармен компьютерде жұмыс істей алуды талап етеді. Ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану оқу материалын меңгеруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады, атап айтқанда:

- оқуға мотивацияны арттырады;
- танымдық қызметті белсендіреді;
- оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытады ; ;
- белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырады.

ТИГУ-да түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесіне басты көңіл бөлінеді.

2018-2019 оқу жылында күндізгі оқу бөлімін 764 студент бітірсе, оның 567-сы жұмысқа орналастырылды, 74% (бітірушілер ұсынған анықтамалардың мәліметтері бойынша). ЗТМО арқылы ҰКП сұрауының нәтижелері бойынша жұмысқа орналастыру көрсеткіші 66,6-ға расталды.

Үш жылдан бері «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы ҚР БҒМ-мен бірлесіп отандық ЖОО-лардың білім беру бағдарламаларына зерттеу жүргізеді және олардың негізінде ТИГУ рейтингісі жоғарылап, 3 жыл бойы үздік 20 отандық ЖОО-ның қатарына кірді.

2020-2021 оқу жылында еңбек нарығының сұранысы мен ұсыныстарын зерттеу нәтижелері бойынша университетте кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағыттары шеңберінде мынадай жаңа білім беру бағдарламалары әзірленіп, студенттер қабылдауға ұсынылуда:

- Этнопсихология;
- Этнопедагогика;
- ІТ-экономика;
- Әлеуметтік саладағы мемлекеттік басқару;

- Биология-санитарлық эпидемиология;
- Агрономия-экология;
- Компьютерлік инженерия;
- Ақпараттық жүйелер және технологиялар;
- Әлеуметтік экономика.

Қазіргі уақытта аталған білім беру бағдарламаларын ҚР БҒМ ОКБ тізіміне енгізу бойынша рәсім жүргізілуде. Бүгінгі таңда «Әлеуметтік саладағы мемлекеттік басқару», «Компьютерлік инженерия», «Биология - санитарлық эпидемиология» және «Агрономия – экология» ББ сарапшылармен расталған.

Оқу жылының екінші жартысында COVID-19 әлемдік пандемиясына байланысты карантиндік шаралар оқу үдерісін ұйымдастыруға үлкен өзгерістер енгізді. Барлық оқу үдерісі қашықтықтан білім беру технологияларына ауыстырылды.

Университ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары.

Университетте есепті жылда 25 ғылыми-зерттеу бағдарламалары жүзеге асырылды. Олардың ішінде: 4-уі ұлттық ғылыми-техникалық ақпараттар орталығында тіркелген, 21-і қолданбалы тақырыптар. 2019 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстары 14 кафедра, 2 ҒЗИ және 2 ғылыми орталықтарда жүргізілді.

Мысалы, Жамбыл облысы «Табиғи ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің тапсырысымен «Қоршаған ортаны қорғау» 008 бағдарламасы бойынша «Резервтік қордағы, бекітілмеген, балық қырылу қаупі бар су айдындарының жағдайын бағалауды және биолого-экономикалық зерттеулерді, құжаттандыруды, аулаудың шектелуі көлеміне биологиялық негіздеме жасау» ҒЗЖ б.ғ.к., профессор Б.Бектұрғановтың жетекшілігімен 1 607 143 теңгеге орындалды.

Университет ғалымдары әртүрлі деңгейдегі жарияланған конкурстарға жүйелі түрде қатысып келеді. Атап айтар болсақ, «Экономика» кафедрасының доценті М. Нургабылов жас ғалымдарға 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар конкурсына ғылыми жобасын ұсынды. Профессор Қ.Молғаждаров ҚР БҒМ атынан жарияланған конкурсқа «Түркі-қазақ тіліне қатысты зерттеулер» атты еңбегін ұсынса, «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.д.,профессор М.Немеребаев ғылым саласындағы жыл сайынғы сыйақылар мен стипендиялар тағайындау конкурсына

«Динамическое поведение оболочки из композиционных материалов тетрагональной структуры» еңбегін жолдады.

ҚР БҒМ жариялаған «Үздік оқытушы-2019» конкурсына университеттің бірқатар оқытушы-профессорлары қатысып, нәтижесінде Ж.Қуатбеков «Үздік оқытушы - 2019» атанды.

Халықаралық Tomson Reuters және Scopus компанияларының ақпараттық дерекқорларына сәйкес нөлдік импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар саны университет бойынша өткен 2018 жылы 8 болса, 2019 жылы 12- ні құрады.

Студент жастарымыздың ғылым бағытындағы бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетіледі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру мақсатында әр мамандыққа байланысты ұйымдастырылған үйірмелердің алатын орны өте зор. Университеттің 14 кафедрасында бағыттары бойынша тіркеліп, жинақталған 26 ғылыми үйірмелер мен 6 жаттығу секциялары жұмыс атқаруда. Үйірме жұмыстарына 543 студент тартылған. Ол университеттегі студенттер санының 22 пайызын құрайды. Үйірмелерге негізінен заман талабына сай аттар берілген: «Робототехника», «Микрон», «Технологиялық процесстерді роботтау», «Қызықты Қытай тілі», «Ұлт мұрасы», «Сарапшы» т.с.с.

Үйірме мүшелерінің қол жеткізген нәтижелері де аз емес. Мысалы, «Ақпаратты-коммуникативтік технологиялар» кафедрасының «Робототехника» үйірмесінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде робототехника бағытында жасалған өндірістік робот (фармацевтика саласына арналған) облыстық, республикалық конкурстарға қатысып, жүлделі орынды иеленді. (авторы ЕТ-17-1 тобының студенті Шарапов Н.). «Стандарттау және ветеринарлық санитария» кафедрасының «Сарапшы» үйірмесінде жүргізген «Ұлттық нан өнімдерін дайындаудың технологиясы және оларды жетілдіру жолдары» атты ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін «Мирас» ЖК өндірісіне енгізді. (03.01.2019ж)

Оқу жылы барысында студенттер республика көлеміндегі ғылыми конференцияларға қатысып, мақалалар жариялады.

Университеттің «Агробиология» ғылыми-зерттеу институты, «Ветеринария және мал шаруашылығы» ғылыми институты, «Түркітану және археология» ғылыми зерттеу орталығы, «Шерхантану» орталығы сынды ғылыми құрылымдарында іргелі және қолданбалы зерттеулерге байланысты жұмыстар жоғары деңгейінде жүргізілді.

Тәрбие және әлеуметтік қолдау жұмыстары.

Тәрбие жұмыстарының мазмұны, мақсат-міндеттері мен тәрбие үдерісін ұйымдастырудың формалары және әдіс-тәсілдері анықталып, адамгершілік және патриоттық тәрбие, құқықтық, дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын насихаттау, мәдени эстетикалық тәрбие, еңбек тәрбиесі және мамандыққа баулу, экологиялық және отбасылық тәрбие бағыттары бойынша жүргізілді.

Оқу жылы барысында атқарылған жұмыстардың нәтижесін университет студенттерінің түрлі ғылыми жобалар, шығармашылық және өнер байқауларындағы жетістіктерінен, сондай-ақ облыс, қала көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуынан көруге болады. ТИГУ-дың белсенді студенттері қала, облыс көлеміндегі іс-шараларға, волонтерлік қозғалысқа белсенді қатысуда. Студенттер Сарымолдаев атындағы балалар үйі мен №1 мүгедектер мен ардагерлер үйінде қайырымдылық акцияларын жүйелі түрде өткізді.

Оқу жылы барысында әр сала бойынша жоғары жетістіктерге жеткен және әлеуметтік жағынан аз қорғалған студенттерге әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілді. Университетте «Әр түрлі санаттағы студенттерге әлеуметтік жеңілдік беру» Ережесіне сәйкес ағымдағы оқу жылында **369 студентке** жеңілдіктер тағайындалды. Атап айтқанда, ғылым, спорт және өнер саласында жоғары жетістіктерге жеткен студенттердің, ата-аналарынан айрылған және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған студенттердің, көп балалы отбасынан келген және ата-аналары мүгедек, өздері мүгедек студенттердің оқу төлем ақыларына жеңілдіктер көрсетілді. Бұл шараға **35 миллион 994 мың 250 теңге** бөлінді. Ата-аналарынан айрылған **22** студентке ай сайын 2000 теңгеден жол жүруге қаржы бөлінді.

Сонымен қатар, **10** студентке ректор гранты тағайындалды.

ТИГУ университеті – Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 наурыздағы «Президенттің бес әлеуметік бастамасы» халыққа үндеуінің «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» атты бастамасын Жамбыл облысы бойынша алғашқы қолдағандардың бірі. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы заманауи кешен - **7 130,6 ш.м. болатын 500 орындық Студенттер үйі** қолданысқа берілді. 2018 жылдың 26 қарашасында «Тараз» қонақ үйі кешені студенттік жатақхана үшін реконструкциялау арқылы – **430 млн. теңгеге** сатып алынды.

Студенттер үйінде студенттерге бірқатар нысандар қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, электрондық оқу залы (тәулік бойы жұмыс істейді), коворкинг орталығы, кино зал, видео студия, конференц-залы, асхана,

кофейня, қызығушылығы бойынша үйірмелер, 2 қабатты душ, гимнастика залы, студенттердің сұлулық салоны, кіші футбол алаңы, «Адалдық дүкені».

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жұмыстар

Бүгінгі таңда ашықтық пен әділдікке негізделген азаматтық қоғам құру – қоғамымыздағы басты талаптардың бірі болып отыр. Осы бағыттағы ЖОО-да арасында Жамбыл облысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар департаментімен бірлескен академиялық адалдық саясатын іске асыру, білім беру сапасын, оның ашықтығы мен әділдігін іске асыруға арналған жоба аясында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында: *«Сыбайлас жемқорлықпен күрес барынша сипат алуда. Жемқорлықтың пайда болу себептеріне көбірек назар аударылып, алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Енді жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізген жөн. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тәсілдерін енгізген жөн деп санаймын»* - деген болатын.

Ел Президентінің бұл тапсырмасы барлығымызға ой салып, жұмысты жаңаша сипатта жүргізуді міндеттейді.

Осыған орай Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті қазіргі таңда Жамбыл облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесе отырып, елеулі жұмыстар атқаруда.

Білім беру ұйымдарының ашықтығы, академиялық адалдық, студенттер мен ұстаздар арасында жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру бағытында адалдық, тазалық, креативтілік принциптерін ұстанатын университет ұжымы ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді.

Университетте сыбайлас жемқорлықтан азат, білімді, саналы, патриот және бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу мақсатында **«Саналы ұрпақ»** жобалық кеңсесінің жұмысы ұйымдастырылған.

500 студентке арналған Студенттер үйіндегі «Адалдық дүкенінде» студенттер өздеріне қажетті қажетті кеңсе заттары мен сусындарды қажетті соманы қалдырып, қайтарымдарымен қоса ала алады. Бұған қоса, **«Бір терезе»** қағидасын кенінен пайдалануда, арнайы құрылған «Бәйтерек» Студенттерге қызмет көрсету орталығы арқылы жатақанаға мұқтаж студенттер онлайн тіркеледі. Кері байланыс негізінде рұқсатнама толтырылады.

Барлық мамандықтар бойынша **«Сыбайлас жемқорлық негіздері» атты 3 кредитпен** оқытылатын пән оқытылуда. Білім алушылардың жазба жұмыстарының барлық түрлері (курстық, дипломдық, магистрлік) Антиплагиат бағдарламасымен тексеріледі.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті көтеру, сапалы да саналы білім беру жүйесі арқылы сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын студенттер ортасын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы департамент басшыларымен, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер, университет ректорының белсенді студенттермен еркін форматтағы **«Ректор сағаты», «Таза сессия»** акциясы дәстүрлі ұйымдастырылып тұрады. «Парасаттылық мектебі» курсы жүргізіледі.

Сонымен қатар, барлық оқу ғимараттарында **«Сенім поштасы**» және **«Сенім телефонының**» жұмысы ұйымдастырылып, **«Таза білімді қолдаймыз!»** акция-плакаты шығарылды, **«Адал бол!»** видео-ролигі әзірленді; **«Пара берме – парасатты жас!»** видео Challenge таратылды. Университет ректорының арнайы блогы бар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдау мақсатында әлеуметтік желілер арқылы студенттермен ашық сұхбат жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдауға бағытталған іс-шаралар, форум, флеш-мобтар, Challenge және басқа да іс-шаралармен қоса сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында профессор-оқытушылар құрамының дәрістері оқылды. Профессор-оқытушылар құрамының қызметін бағалауда «Оқытушылар студенттер көзімен» сауалнамасы өткізілді. Университет ректорының белсенді студенттермен еркін форматтағы кездесуі ұйымдастырылды. Бұл шаралар бүгінде он-лайн режимінде жүргізілуде.

Университет сайтына талдау жасалып, «Таза білімді қолдаймыз!» акция-плакаты шығарылды. «Абыройлы ұстаз» видео-ролигі әзірленді.

Сонымен қатар, тәрбиелік мәні бар, құқық бұзушылық, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және т.б. тақырыптарда қысқа роликтерді, вайндерді әзірлеу, орналастыру және тарату, Сыбайлас жемқорлық тақырыбында фильмдер, анимациялық фильмдер, әлеуметтік бейнелер көрсетілімі ұйымдастырылды.

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде студент жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтық жауапкершілікті күшейту бағытында Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмыс атқарады. Кеңестің 2020-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілген. Кеңес Қазақстан Республикасының

Еңбек туралы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Білім туралы» және ҚР «Жастар саясаты туралы» Заңдарына, ҚР білім және ғылым министрлігінің жарлығына, бұйрықтары мен қаулыларына, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің Ғылыми кеңесі шешімдеріне сәйкес әрекет етеді.

Кеңес жоспарында құқықтық білімдермен қаруландыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Заңымен таныстыру, діни экстремизмге, нашақорлыққа, тәртіп бұзушылыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыру жоспарланған.

Бұдан басқа, Академиялық адалдық туралы Ереже әзірленіп, бекітілген. Ақпараттың айқындығын қамтамасыз ету үшін «Жастар айдыны», «PARAGSHA» газеттері, «ТИГУ жаршысы» ғылыми-көпшілік журналы шығарылады. ТИГУ студенттері «BolashakMeninArmanym» (Болашақ менің арманым) атты және басқа да старт-ап жобаларына белсенді қатысуда.

Әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына ену міндеттерінің ішінде, әсіресе білім мәселесі өте маңызды. Бұл заңдылық. Европалық және әлемдік білім кеңістігіне ену – қазіргі уақыт талабы. Осыған орай, еліміздің білім беру жүйесінің барлық сатысында (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі) жаһандық өзгерістер жүзеге асырылуда. Жоғары оқу орындарына үлкен жауапкершілік артып, академиялық және басқару дербестігін өздеріне шешуді тапсырды.

Бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлауда мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының мәртебесі теңестірілді. Әрбір жоғары оқу орнының рейтингтік көрсеткіштері Кәсіпкерлер Ұлттық палатасының бақылауымен айқындалуы – осының айқын дәлелі.

«Қазақстан-2050 – инновация және академиялық артықшылық» Ұлттық рейтингісінде қатардағы жекеменшік үлгідегі жоғары оқу орындарының жетекші орында болғандығын Мемлекет басшысының өзі атап айтқан болатын. Өзім басқарып отырған Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті бұл рейтинг бойынша әлеуметтік-гуманитарлық жоғары оқу орындарының ішінде – **9-орын,** ал, көп бейінділер арасында **18-орынды** иеленді.

Біздің жастарымыз әлемдік дағдарыстың әрбір сәтіне дайын, ел экономикасын дамыту мен халықтың тұрмысын жақсартып, табысы жоғары ел қатарына қосылу үшін аянбай еңбек етуі, рухани қуаттануы тиіс. Сонда ғана кемел келешегімізге нық сеніммен қарауға болады деп санаймын. Болашақ – жастардың қолында. Ал болашағымызды дұрыс тәрбиелеу – баршамыздың міндетіміз деп есептеймін.

ТИГУ университетінің алдағы перспективалары қандай?

Қазіргі заманғы тез өзгермелі әлемде міндеттерді шешу үшін көшбасшыларды қалыптастыратын аймақтағы жетекші университет болу. Жоғары, орта кәсіби және орта білім оқу орындарының, ғылыми-зерттеу орталықтары менжастар ұйымдарының бірлестігі ретінде – Білім беру корпорациясын құру.

Басты мақсатымыз – шығармашылық әлеует, материалдық-техникалық, қаржылық және ұйымдастырылған қорлар негізінде әртүрлі бағыттар бойынша сұранысқа ие бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін білім, құзырет және кәсіби дағдылар жинақтаудың бірегей ортасын құру.

Білім беру корпорациясын құрайтын ұйымдар:

- ТИГУ
- Ғылыми-зерттеу орталықтары
- Балалар бақшасы (2020-2023ж.ж.);
- «Intellect» лицейін ашу (2020-2022 ж.ж.);
- Қордай «Intellect» колледжін ашу (2020-2022ж.ж.);
- «Қар-Алма» кешеніндегі ТИГУ демалыс орнын салу.

Қорыта келгенде, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда Даму бағдарламасына сәйкес алдына қойған мақсат-міндеттерін жоғары деңгейде орындауға дайын екендігін сендіргім келеді.

_____ _____ 2020жыл.